Ол	қыз/ы/на	Америка/ға	хат/ты	жаз/ып отыр.
Біз	ата-ана/мыз/ға	Прага/ға	хат/ты	жаз/ып отыр/мыз.
Сендер	мұғалім/дер/і/ңе	Испания/ға	хат/ты	жаз/ып отыр/сың/дар.
Сіздер	әріптес/тер/і/ңіз/ге	Италия/ға	хат/ты	жаз/ып отыр/сыз/дар.
Олар	туыс/тар/ы/на	үй/ге	хат/ты	жаз/ып отыр.

DIALOGUES

Ш. - Эрик, тамақ іш.

Let's have dinner.

Э. - Сосын, мен үйге хат жазып отырмын.

Can I a little bit later? I'm writing a letter home.

Ш. - Жарайды, біз сені күтеміз.

Ok, we'll wait for you.

Ш. - Мынау не?

What's this?

Э. - Мен Америкадан посылка алдым.

I've received a package from America.

Ш. - Не жіберіпті?

What have they sent to you?

Э. - Білмеймін, әлі ашқан жоқпын.

I don't know. I haven't opened it yet.

Р. - Әке, Эрик Америкадан посылка алды.

Dad, Eric received a package from America.

Ө. - Рас па?! Жақсы болған екен. Қуаныштымын!

Really?! I'm happy for him!

P. - Қалай, посылканы аштың ба?
Well, have you opened your package?

Ә. - Иә.

Yes.

P. - Не жіберіпті?
What have they sent to you?

Ә. - Кел, ауыз тиіңіз.

Help yourself. [Try some]

P. - Бұл не? *What's this?*

Ә. - Бұл кәмпит. These are candies.

P. - Нағыз американдық кәмпит пе?! Керемет! Ешқашан жемеп едім.
Real American candies?! Very cool! I've never tried them before.

Ә. - Мә, жеп көр. Дәмді ме? *Here, try some. Tasty?*

P. - Өте дәмді! Саған тағы жібере ме?

Cool! They send you some more?

Ә. - Білмеймін, мүмкін.

I don't know. May be.

Мен әке- шешемнен посылка алдым. I received a package from my parents.

Маған әке - шешем посылка салыпты. My parents sent me a package.

Кім? Nom.c.	Кімнен? Abl.c.	Қайдан? Abl.c.	Не?/Нені? Acc.c.	Не істедім?
Мен	дос/ым/нан	Бостон/нан	посылка	ал/дым.
Сен	қарындас/ың/нан	Нью-Йорк/тан	хат	ал/дың.
Сіз	дос/тар/ыңыз/дан	Вашингтон/нан	e-mail	ал/дыңыз.
Ол	қыз/ы/нан	Америка/дан	e-mail	ал/ды.
Біз	ата-ана/мыз/дан	Прага/дан	посылка	ал/дық.
Сендер	мұғалім/дер/ің/нен	Испания/дан	хат	ал/дыңдар.
Сіздер	әріптес/тер/іңіз/ден	Италия/дан	e-mail	ал/дыңыздар.

Олар	туыс/тар/ы/нан	үй/ден	посылка	алды.
------	----------------	--------	---------	-------

Ауыспалы келер шақ

		Отыру	тұру	жүру	жату
жекеше түрі					
	Мен	отыр+а+мын	тұр+а+мын	жүр+е+мін	жат+а+мын
	Сен	отыр+а+сың	тұр+а+сың	жүр+е+мін	жат+а+сың
	Сіз	отыр+а+сыз	тұр+а+сыз	жүр+е+сіз	жат+а+сыз
	Ол	отыр+а+ды	тұр+а+ды	жүр+е+ді	жат+а+ды
көпше түрі					
	Біз	отыр+а+мыз	тұр+а+мыз	жүр+е+міз	жат+а+мыз
	Сендер	отыр+а+сың+дар	тұр+а+сың+дар	жүр+е+сің+дер	жат+а+сың+дар
	Сіздер	отыр+а+сыз+дар	тұр+а+сыз+дар	жүр+е+сіз+дер	жат+а+сыз+дар
	Олар	отыр+а+ды	тұр+а+ды	жүр+е+ді	жат+а+ды

Болжалды келер шақ

	отыру	тұру	жүру	жату
жекеше түрі				
Мен	отыр+ар+мын	тұр+ар+мын	жүр+ер+мін	жат+ар+мын
Сен	отыр+ар+сың	тұр+ар+сың	жүр+ер+сің	жат+ар+сың
Сіз	отыр+ар+сыз	тұр+ар+сыз	жүр+ер+сіз	жат+ар+сыз
Ол	отыр+ар	тұр+ар	жүр+ер	жат+ар
көпше түрі				
Біз	отыр+ар+мыз	тұр+ар+мыз	жүр+ер+міз	жат+ар+мыз
Сендер	отыр+ар+сың+да р	тұр+ар+сың+да р	жүр+ер+сің+дер	жат+ар+сың+дар
Сіздер	отыр+ар+сыз+да р	тұр+ар+сыз+дар	жүр+ер+сіз+дер	жат+ар+сыз+дар
олар	отыр+ар	тұр+ар	жүр+ер	жат+ар

Мақсатты келер шақ

	отыру	тұру	жүру	жату
жекеше түрі				
Мен	отыр+мақ+пын	тұр+мақ+пын	жүр+мек+пін	жат+пақ+пын
Сен	отыр+мақ+сың	тұр+мақ+сың	жүр+мек+сің	жат+пақ+сың
Сіз	отыр+мақ+сыз	тұр+мақ+сыз	жүр+мек+сіз	жат+пақ+сыз
көпше түрі				
Ол	отыр+мақ	тұр+мақ	жүр+мек	жат+пақ
Біз	отыр+мақ+пыз	тұр+мақ+пыз	жүр+мек+піз	жат+пақ+пыз
Сендер	отыр+мақ+сың+да	тұр+мақ+сың+да	жүр+мек+сің+де	жат+пақ+сың+да

	р	р	р	р
Сіздер	отыр+мақ+сыз+да р	тұр+мақ+сыз+да р	жүр+мек+сіз+де р	жат+пақ+сыз+да р
Олар	отыр+мақ	тұр+мақ	жүр+мек	жат+пақ

Chapter 17 – Health - Денсаулық

Health is an important part of every one’s life, and every culture and language, and Kazakhstan and Kazakh are no exception to this rule. The Kazakh greeting “Амансыз ба?” literally means “Are you healthy?” It is a quicker way than asking, “Денсаулығыңыз қалай?” (How is your health?) When you meet a friend, acquaintance, or especially someone you know has been ill, you should ask, “Қалайсыз?” “Жақсымысыз?” (How are you?) or “Қуаттысыз ба?” (“Are you holding up?” Lit. Are you strong?)

When a person sneezes traditionally we say “Сау болыңыз!” (Be healthy!) As in English, you answer by saying Thank you, “Рахмет!”

Similarly, after a good meal, you should say, “Рахмет, өте дәмді.” and you will invariably hear the answer, “Ас болсын!” (Lit. Let there be food – but it equates to Bon Appetite)

There are thousands of proverbs, sayings, and famous pieces of wisdom in Kazakh, and a good one to learn early on is: “Бірінші байлық денсаулық” (Health is the first wealth)

Cultural Notes on Health

Kazakhstan is not a highly developed country, and though it currently has a growing population of wealthy upper class business-professionals, very few of those people work in the health system, and practically none of them in the state-run areas of health. First, here are some statistics, taken from the CIA factbook and other sources, from the years between 2003 and 2006. For reference and comparison, we will also include Russia, the heart of the former Soviet Union, and Kazakhstan’s northern neighbor.

	Russia	Kazakhstan
Abortions:	>2.5 million/year	No official data
Access to sanitation:	76% of population	99% of population
Hospital Beds	10.5 per 1000 people	7.7 per 1000 people
Life Expectancy	57 for Men	62 for Men
	73 for Women	73 for Women
Doctors per Person	4.3 per 1000 people	3.5 per 1000 people
Suicide Rate	13 per 100,000 for Women	9 per 100,000 for Women
	74 per 100,000 for Men	40 per 100,000 for Men

Most interestingly are the statistics where Russia is clearly worse than Kazakhstan, which is more likely to mark a dishonesty on Kazakhstan's part than actual superiority of Health Care. However, some differences are evident, chief among them the rate of abortion, especially among the actively Muslim population of Kazakhstan.

The national health care system of the Soviet Union was adequate to the needs of the people, while far from the level enjoyed by those living in Western Europe and North America. However, after the fall of the Soviet Union, the health system was decimated as skilled professionals left for other countries, lost their jobs, grew older, and failed to be replaced by a failing educational system. The darkest hours were in the mid-1990s, when a resurgence of common killers struck the former Soviet Union – diphtheria, measles, cholera, heart disease, and cancer rates rose to epidemic levels across Russia and the Central Asian former Soviet Republics.

The population of Kazakhstan is growing, but not universally, as the birth rate of Russian-speakers (including Russified Kazakhs and other nationalities) continues to plummet.

Abortion remains the most popular form of contraception for those using contraception at all. In 1995, in Russia, there were 225 abortions for every 100 live births, which was up from 1991's rate of 196 abortions per 100 live births. It was estimated at that time that 14% of women graduating from college had more than eight abortions each. The rate is considerably lower among actively Muslim women, but still common if the woman can attain the abortion without the knowledge of the husband and his family.

In Kazakhstan in the 1990s, only 1 child in 5 was born "perfectly healthy." The reasons for this are legion, including alcoholism, malnutrition, use of tobacco and other drugs, and lack of prenatal care. Anemia is a serious concern for all women, and especially those expecting to give birth. One of the primary reasons for gold teeth is that it is a cheap replacement for weak and broken teeth, and sometimes for teeth that were dropped during pregnancy due to calcium deficiency.

Considering all of these facts, one obvious sign of pride among Kazakhstan's citizens is the level of improvement they have witnessed from the 1990s. While Kazakhstan's hospitals remain below many international standards, they are much improved over the early years of Independence. This is important to keep in mind when discussing health care with host family and friends.

Area of concern:

HIV/AIDS: Reliable statistics are impossible to produce. HIV-positive status guarantees an individual loss of their job, social status, expulsion from their residence, disavowal of their family, and a likely jail sentence for “drug use” and/or “prostitution.” HIV testing, thusly, is rarely if ever voluntary. Actual numbers do not exist, but international aid organizations assume statistics on par with the worst in Central and Eastern Europe.

Alcoholism: “Regular drunkenness” affects between 25 and 60% of blue collar workers, and up to 20% of white collar workers. In the 1990s, an average of 50,000 died each year in Russia from alcohol poisoning, and while similar statistics for Kazakhstan do not exist, Kazakhstan remains one of the highest consumers of alcohol in the world, especially considering its nominal Islamic culture.

Lack of Health Education: Up to 80% of people will seek medical treatment with non-medical personnel before visiting a local clinic or hospital. During the Soviet Union, ‘traditional’ health practitioners, faith healers, and other non-medical care givers were punished with strict fines and jail time, but this practice ended with the fall of the USSR. Today, lack of health education, sex education, and high quality local health care have opened the doors to folk remedies as varied as topical application of vodka to wrapping vinegar soaked blankets around the affected areas of the body.

Angina and Blood Pressure

A word unknown to most young Americans, angina in English refers to chest pain, usually caused by heart disease and the deterioration of blood flow in the arteries. In the less educated areas of the former Soviet Union, it has come to describe general aches and pains, both in the chest and upper respiratory areas. It is the equivalent of anything from a head cold, swollen glands, or even a heart attack.

Blood Pressure is a very different concern for those in the former Soviet Union, and is believed to be connected with every day aches and pains, nose bleeds, ear aches, headaches, nausea, etc. If you actually have issues with blood pressure, take care when discussing them with Kazakhstani nationals, lest you be offered a potentially harmful treatment.

Vocabulary:

a cough	жөтел	appendicitis	аппендицит
to cough	жөтелу	blood pressure	қан қысымы
angina/chest pain	ангина	low blood pressure	қан қысымы төмен
allergy	аллергия	high blood pressure	қан қысымы жоғары

hospital	аурухана	to get a cold	суық тию
clinic	емхана	to run a fever	ыстығы болу
pharmacy	дәріхана	temperature	ыстық, қызу
Medicine	дәрі	to sneeze	түшкіру
Stomachache	іш ауыру	to vomit	құсу
Diarrhea	іш өту	sickness	ауру
To be dizzy	бас айналу	disease	кесел
Flu	тұмау	cancer	обыр, рак
headache	бас ауыру	AIDS	СПИД

Денсаулығыңыз қалай?

Өте жақсы!

Тамаша!

Жақсы, рахмет!

Ептеп!

Жаман емес

ауырып жатырмын.

ауырып тұрмын.

ауырып жүрмін.

Body parts - Дене мүшесі

Head – Бас

Hair – Шаш

Lung – Өкпе

Neck – Мойын

Nose – Мұрын

Intestine – Ішек

Body – Дене

Mouth – Ауыз

Liver – Бауыр

Leg/Foot – Аяқ

Beard – Сақал

Stomach – Асқазан, Іш

Foot – Табан

Mustache – Мұрт

Belly – Қарын

Arm/Hand – Қол

Eye – Көз

Throat – Тамақ

Waist/Lower Back – Бел

Lip – Ерін

Tongue – Тіл

Wrist – Білек

Jaw – Жақ

Blood – Қан

Knee – Тізе

Teeth – Тіс

Bone – Сүйек

Finger – Саусақ

Ear – Құлақ

Brain – Ми

Thumb – (Бас) Бармақ

Heart – Жүрек

Kidney – Бүрек

Task 1. Read and translate.

Кеше менің басым ауырды. Мен түшкірдім және жөтелдім. Менің қызуым 37,5 градус болды. Маған суық тиді деп ойлаймын. Мен бүгін жұмысқа бара алмаймын, себебі маған бүгін дәрігерге бару керек.

Mental Health – Emotions

Similar to Russian, Kazakh has many more direct questions relating to your mood and how you are feeling, including the expression “to have no mood,” meaning to be feeling bad, to be in a bad mood. Though more common an expression than in English, it is still serious – do not say it unless you are willing to explain why, and have a decent reason [feeling sick, heard bad news, didn’t sleep well, etc.]

Көңіл- күйім болмай тұр. I’m in a bad mood.

Көңіл –күйіңіз қалай?		
How’s your mood?		
☺	☹	☹
өте жақсы	ептеп	нашар

- Көңіл-күйіңіз қалай?
- Өте жақсы. Рахмет. Сіз ше?
- Мен шаршадым.
- Қалайсың?
- Көңіл- күйім болмай тұр. Ауырып тұрмын.

- Қалыңыз қалай?
- Нашар.
- Не болды?
- Ішім ауырып тұр.
- Дәрі ішіңіз, сосын демалыңыз.

Physical and Emotional Condition “I feel...”

The following table lists only personal statements. Can you decipher how they are formed, and then form the same statements for “you,” “he,” “they,” etc?

Emotional Condition		Physical Condition		
Мен	Көңілдімін	Happy	Ыстықтадым	Hot
Мен	Көңілсізбін	Unhappy	Тондым	Cold
Мен	Жақсымын	Good	Ауырдым	In pain
Мен	Нашармын	Upset	Ауырмадым	not in pain

Мен	Сағындым	Melancholy	Шаршадым	Tired
Мен	Қуаныштымын Not tired	Glad	Шаршамадым	
Мен	Жалғызбын	Lonely	Тойдым	Full (of food)
Мен	Қорықпын	Afraid	Дені саудымын	Healthy

Affecting Your Mood

Кімге? (Dat)		
Маған	көңілді	- cheerful
Саған	көңілсіз	- sad, boring
Сізге	қызықты	- amusing
Оған	қызықсыз	- uninteresting
Бізге	қорқынышты	- frightened
Сендерге		
Сіздерге		
Оларға		

You can also use the Dative Case to say that something affects someone's mood.

The movie was really interesting to me.

Кино маған өте қызықты.

The book was scary to me!

Кітап маған қорқынышты!

Homesickness and Missing People

- Сіз үйіңізді сағындыңыз ба? - Are you missing home?

- Are you homesick?

- Иә, мен үйімді және итімді сағындым.

Кім?	Кімді? Нені?	сағыну – (pr. fut.)	сағыну (pres.proges.)	сағыну – (past)
Мен	шешем+ді	сағына мын	сағынып жүр мін	сағын дым
Сен	әпкең+ді	сағына сың	сағынып жүр сің	сағын дың

Сіз	досыңыз+ды	сағына сыз	сағынып жүр сіз	сағын дыңыз
Ол	ағасы+н	сағына ды	сағынып жүр ----	сағын ды
Біз	үйіміз+ді	сағына мыз	сағынып жүр міз	сағын дық
Сендер	елдерің+ді	сағына сыңдар	сағынып жүр сіңдер	сағын дыңдар
Сіздер	жерлеріңіз+ді	сағына сыздар	сағынып жүр сіздер	сағын дыңыздар
Олар	ата-анасы+н	сағына ды	сағынып жүр -----	сағын ды

Nom. Мен, сен, сіз, ол		Dat. Маған, саған, сізге, оған	
көңілді	көңілдімін		қызықты
	көңілді болдым	<i>(past)</i>	қызықты болды
көңілсіз	көңілсіз болдым	<i>(past)</i>	қызықты болады <i>(future)</i>
	көңілсіз боламын	<i>(future.)</i>	қызықсыз
қуанышты	қуаныштымын		қызықсыз болды
	қуанышты болдым	<i>(past)</i>	қызықсыз болады <i>(future)</i>
қорқынышты	қуанышты боламын	<i>(future.)</i>	қорқынышты
	қорқыныштымын		қорқынышты болды
жалғыз	жалғыз болдым	<i>(past)</i>	қорқынышты болады <i>(future)</i>
	жалғыз боламын	<i>(future)</i>	
қорқу –	қорық тым	<i>(past)</i>	
	қорқа мын	<i>(future)</i>	

to fear,		
to be afraid		
ауыру	ауыр дым	<i>(past)</i>
to be sick	ауыра мын	<i>(future)</i>
шаршау	шарша дым	<i>(past)</i>
to be tired	шаршай мын	<i>(future)</i>
шөлеу	шөлде дім	<i>(past)</i>
to be thirsty	шөлдей мін	<i>(future)</i>
тоңу	тоң дым	<i>(past)</i>
to freeze	тоңа мын	<i>(future)</i>
ыстықтау	ыстықта дым	<i>(past)</i>
to feel hot	ыстықтай мын	<i>(future)</i>
қуану	қуан дым	<i>(past)</i>
to be happy. glad	қуана мын	<i>(future)</i>

Task 2. Define the emotional and physical statement of the people in the following situations.

1. Өткен аптада Терезадан хат алғанмын. Мен бұл хатқа өте _____, ол өз хатын тек қазақша жазған.
2. Джон кеше дискотекада болды. Оған _____ болды, себебі ол достарымен бірге демалды.
3. Мен кешке жалғыз жүруден _____.
4. Бүгін мен күні бойы өте көп жұмыс істедім. Мен қатты _____.
5. Менің отбасым алыста тұрады. Мен шешемді _____.
7. Өткен аптада профессор лекция оқыды, көп сөйледі, сондықтан сол күндер Сьюзанға сабақтар _____ болды.
8. Тимнің бөлмесі қыста өте суық, себебі оның үйінде жылу жоқ, сондықтан ол _____.

2. Керекті сөздер:

Тоңды, қорықтым, көңілді, қызықсыз, шаршадым, қуанды, сағындым

Task 3. Read the text.

Мынау менің дос қызым. Оның аты Ксения. Ксения он тоғызда. Ол медициналық академияда оқиды. Ол Алматыда тұрады. Ксения орта бойлы, толық та емес, арық та емес. Шашы ұзын, сары, көзі көк, кірпігі мен қасы қара. Ол -өте әдемі қыз. Ксенияның мамандығы терапевт. Ол өз мамандығын өте жақсы көреді. Ол адамдардың жүрегін, өкпесін тыңдайды, тамағын, асқазанын, бауырын, бүйрегін тексереді. Ксения келешекте өте жақсы дәрігер болады.

Task 4. Answer the questions.

- | | |
|---------------------|------------------------------|
| 1. Бұл кім? | 5. Ол қандай қыз? |
| 2. Оның аты кім? | 6. Оның мамандығы кім? |
| 3. Ол қайда оқиды? | 7. Жұмыста ол не істейді? |
| 4. Ол қайда тұрады? | 8. Ол қандай дәрігер болады? |

Task 5. Read the dialogue.

- | | |
|--|--|
| • Алло! | • Қай жерің ауырып тұр? |
| • Йә, | • Қызуым бар. Түшкіремін. |
| • Сәлеметсіз бе? | Жөтелемін Суық тиді деп ойлаймын. |
| • Сәлеметсіз бе! | • Мақұл, жатып емдел. Сенің орныға сабақтарыңды мен беремін. |
| • Мен Райанмын. Гүлшат Райғаниқызын бола ма? | • Үлкен рахмет. Сау бол! |
| • Қазір, бір минут. | • Сау бол! Тез жазыл! |
| • Тыңдап тұрмын, Райан, не болды? | |
| • Мен бүгін мектепке бара алмаймын, ауырып тұрмын. | |

Chapter 18 - Адамның сырт бейнесі мен мінезі - Appearance

| ұзын tall

Оның бойы	орта	average
	аласа	short

Ол	Толық	stout, plump, chubby,
	Арық	lean, emaciated
	Арықша	thin
	Семіз	fat, obese
	Талдырмаш	slim, slender
	Сүйкімді	nice
	Әдемі	beautiful

Оның шашы	ұзын	Оның мұрты бар
	қысқа	сақалы
	бұйра	

Оның көзі	қара	Ол мұртты сақалды
	көк	
	қоңыр	
	үлкен	
	домалақ	

- Сіздің шешеңіз қандай адам?

- Ол орта бойлы, толық адам. Оның шашы ұзын, көзі қара және домалақ. Ол өте әдемі.

Оның мінезі қандай?

Ол адам.

	ашық, жайдарлы	cheerful, affable
	Кішіпейіл	cordial, sensitive
	Ақжүрек	kind- heartedness
	әдепті, өнегелі	well behaved
	шыдамды, көнбіс	patient
Ол	Қырсық	stubborn person
	батыл, батыр, ержүрек	brave, resolute
	Қорқақ	cowardly
	Турашыл	straight word
	салмақты, байсалды	serious, staid, sedate
	Еңбекқор	hardworking
	Шыншыл	honest
	Жалқау	lazy

--	--	--	--

Task 1. Work in pairs. Ask and answer the questions.

Model: Кешіріңіз, - Сіз Қазақстанға қашан келдіңіз?

- Сіз Қаскеленге қашан келдіңіз?

Task 2. Work in pairs. Ask and answer the questions.

1. - Сіздің туған күніңіз қашан?
2. – Сіздің шешеңіздің туған күні қашан?
3. - Американың тәуелсіз күні қашан?
4. – Қазақстанның тәуелсіз күні қашан?
5. – Қашан сіз Америкаға қайтасыз?
6. – Қашан сіз Алматыға барасыз?

Task 3. Read the text and translate it into English.

Жыл мезгілдері

Бір жылда төрт мезгіл бар: көктем, жаз, күз, қыс. Бір мезгілде үш ай бар.

Жылда он екі ай бар. Көктем айлары – наурыз, сәуір, мамыр;

жаз айлары - маусым, шілде, тамыз;

күз айлары – қыркүйек, қазан, қараша;

қыс айлары- желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Көктем – жылдың тамаша уақытты. Көктемде күн жылы, кейде жаңбырлы, кейде құрғақ.

Жаз - жылдың ең жақсы кезі. Жазда күн ыстық, жаңбыр аз. Жаз – демалыс кезі.

Күз – жеміс – жидегі, көкөнісі көп мезгіл. Күзде күн салқын, жаңбыр көп жауады.

Қыс - өте әдемі, қарлы, керемет кез. Қыста күн суық, күн қысқа, ал түн ұзақ.

Әр айда төрт апта, аптада жеті күн бар. Олар: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма

, сенбі, жексенбі. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі, қалған күндер- жұмыс күндері.

Қазақстанда мейрам күндері қаңтарда, наурызда, мамырда, тамызда, қазанда және

желтоқсанда болады. Бір тәулікте 24 сағат бар. Сау болыңыздар!

Task 4. Answer the questions.

1. Қантар күз айы ма?
2. Көктем айлары қандай?
3. Шілде күз айы ма, жаз айы ма?
4. Жаз айлары қай айлар?
5. Қазір жаз ба?

6. Қазір маусым ба?
7. Демалыс жазда ма, қыста ма?
8. Қазір қай ай?
9. Демалыс қай айда?
10. Мамыр күз айы ма?

Chapter 20 - The Weather – Ауа–райы

Vocabulary

Cloud – Бұлт, будак	Hot – Ыстық	Wind – Жел
Cloudy – Бұлтты	Blazing – Ып-ыстық	Breeze – Самал
Sunny – Ашық	Snow - Қар	Windy – Желді
Hail – Бұршақ	Snowy - Қарлы	Humid – Ылғал, Ылғалды
Lightning – Күн күркіреу	Rain – Жаңбыр	Warm – Жылы
Downpour – Нөсер жаңбыр	Rainbow – Кемпір-қосақ	Chilly/Cool – Салқын
Scattered rain - Өткінші жаңбыр	Fog - Тұман	Cold – Суық
Light wind - Баяу жел	Stormy – Қарқынды	Freezing – Суп-суық, Мұздай
Rainy – Жауын-шашынды	Storm – Дауыл, Найзағай	Great – Тамаша/Тап-тамаша
	Blizzard – Боран, Қарлы боран	

- Бүгін ауа - райы қандай?	- What is the weather like today?
- Бүгін ауа - райы ыстық	- Today (the weather) is hot.

- Кеше ауа - райы қандай болды?	- What was the weather like yesterday?
- Кеше күн салқын болды.	- It was cool yesterday.

- Ертең ауа - райы қандай болады?	- What will the weather like tomorrow?
- Ертең ауа - райы жылы болады.	- It will be warm.

Task 5. Read the text.

Ауа – райы

Жылдың төрт мезгілінде ауа райы әртүрлі болады. Олар бір – біріне ұқсамайды. Қыста қатты аяз, жазда ыстық, күзде қоңыр салқын күндер жиі болады. Көктемде күн жылына бастайды. Табиғат қысқы ұйқысынан оянады. Қар ериді. Құстар ән салады, ағаштар көгеріп, шөп шыға бастайды. Кейде жылы жаңбыр жауады.

Жазда күн ыстық, аспан бұлтсыз ашық, жаңбыр онша көп жаумайды. Күн ұзақ, түн қысқа болады. Маусымның 22-сінде күн мен түн теңеледі.

Жаздан кейін қоңыр салқын күз болады. Аспанда қара бұлт болып, жаңбыр жиі – жиі жауады. Анда – санда қар аралас жаңбыр болады. Қараңғы ерте түседі. Қыста даланы, орманды, үйлерді ақ қар жабады. Өзендер мен көлдердің суы қатады. Күн аязды, жер тайғақ болады. Бұл кезде күн қысқа, түн ұзақ болады. Қыстан кейін көктем келеді.

Жылдың әр мезгілінде ауа – райы әртүрлі болады. Сондықтан адамдар ауа –райын радиодан немесе теледидардан біледі. Ауа – райы бір-екі күн, апта, бір ай бұрын алдын ала айтылады.

Task 6. Answer the questions.

1. Жазда ауа – райы қандай?
2. Қыста ауа – райы қандай?
3. Күзде ауа – райы қандай?
4. Көктемде ауа – райы қандай?
5. Адамдар ауа – райы туралы қайдан біледі?
6. Сізге қандай ауа - райы ұнайды?
7. Сізге қандай ауа – райы ұнамайды?
8. Сіздің штаттыңызда қыста ауа – райы қандай?
9. Сіздің қалаңызда көктемде ауа – райы қандай?
10. Сізге қандай жыл мезгілі ұнайды? Неге?
11. Сізге қай мезгіл ұнамайды? Неге?

Task 7. Complete the sentences.

1. Жылдың _____ болады.
2. Көктемде қар _____ кейде _____ жаңбыр жауады.
3. _____ күн ұзақ, _____ болады.
4. Жаздан кейін _____.
5. _____ суы қатады.
6. Сондықтан _____ біледі.
7. Ауа - райы _____ алдын – ала айтылады.

Chapter 21 – Киімдер - Clothes

Әйел киімі

пәлте - coat

тон – fur (coat)

плащ - raincoat

кәстөм - suit

күртке - jacket

жемпір - sweater

юбка - skirt

блузка - blouse

көйлек - dress

сарафан - sundress

құлақшын – winter cap

малақай – winter cap

шәпкі - cap

шляпа - hat

орамал – kerchief/headscarf

қолғап - mittens

қолғап - gloves

халат – dressing gown

купальник - swimsuit

колготки - tights

қысқа шұлық - socks

камзол/жеңсіз – long vest
(with made)

Ерлер киімі

кәстөм – suit coat

шалбар - pants

джинсы - jeans

шорты - shorts

жейде - shirt

галстук - tie

футболка – t-shirt

іш-киім - underpants

тақия – scull cap

шапан – national gown

мата - fabric, cloth

ала мата – multi-colored

жібек -silk

жүн - wool

мақта- carton

былғары - leather

сырға –ear-ring

сақина, жүзік - ring

қол шатыр - umbrella

өлшем/размер – size

Аяқ киім (Shoes)

туфли - shoes

бәтіңке - boots

етік – high boots

шәркей – slippers

кроссовки - sneakers

сланцы – beach shoes

босоножки - sandals

жаға - collar

қалта - pocket

ілгек - clasp

түйме - button

сыдырма - zipper

бау - shoelace

белдік - belt

жең - sleeve

ұзын - long

қысқа - short

тар – narrow, tight

кең – wide, big

түс, түсі - color

Task 1. Match the words from column 1 and column 2

көйлек	jacket
орамал	pants
шалбар	dress
кәстөм	kerchief
пәлте	high boots
кұлақшын	suit
күртеке	coat
етік	winter cap

Өлшемі/размері қандай? – What size?

Киіп көруге бола ма? – May I try it on?

Айырбастауға бола ма? – May I try a different one?

Алмастыруға бола ма? – May I try a different one?

қандай түс/түсі керек? – what color?

басқа түсі – another color

киіп көретін жер – fitting room

көмек - help

көмектесесіз бе? – will you help me?

Task 3. Read the dialogues.

A.

- | | |
|--------------------------------|------------------------------------|
| - Ана шалбарды көрсетіңізші? | - Will you show me those trousers? |
| - Міне, көріңіз. | - Here, you may look at. |
| - Басқа түсі бар ма? | - Have you other colors? |
| - Басқа түсі жоқ. Тек осындай. | - No, we haven't. Only like these. |

Ә.

- | | |
|----------------------------------|--|
| - Мына жейдені көруге бола ма? | - May I have a look at this shirt? |
| - Иә. | - Yes, you may. |
| - Қысқа / ұзын жең жейде бар ма? | - Have you the shirts with short / long sleeves? |
| - Иә, бар. | - Yes, we have. |

Б.

- | | |
|-----------------------------------|---|
| - Мына пәлтенің өлшемі қандай? | - What is the size of this coat? |
| - Бізде барлық өлшемдер бар. | - We have different sizes. |
| Сізге қандай керек? | - What kind of size you need? |
| - Киіп көруге бола ма? | - May I try on? |
| - Әрине. Сізге қандай түсі керек? | - Sure, what kind of colors you prefer. |
| - Көк. | - Blue. |
| - Рахмет. | - Thanks. |

В.

- | | |
|--------------------------------------|-----------------------------------|
| - Кәстөм сатып алуға көмектесіңізші? | - Will you help me to buy a suit? |
| | - With pleasure. |

- Әрине, келіңіз.
 - Рахмет /Көп-көп рахмет.
- Г.
- Маған ана көйлекті көрсетіңізші?
 - Сізге қандай өлшемі керек?
 - 48-ші немесе 50-ші өлшем.
 - Міне, көріңіз. Аласыз ба?
 - Қанша тұрады?
 - 1 мың 500 тенге.(мың жарым тенге)
 - Өлшеп көруге бола ма?
 - Болады. Өлшейтін жерге барыңыз.
 - Рахмет.
- Thanks /thank you very much.
 - Will you show me that dress?
 - What kind of size you need?
 - 48 or 50, please.
 - Here you are. Will you buy it?
 - How much does it cost?
 - 1 thousand 500 tenge.
 - May I try on?
 - Yes, you may. Go to the fitting room.
 - Thank you.
- Ғ.
- Мына етікті киіп көруге бола ма?
 - Әрине, болады. Өлшеңіз.
 - Үлкенірек өлшемі бар ма?
 - Бар, бірақ түсі басқа.
 - Мақұл. Бұл қанша тұрады.
 - 4 мың 200 тенге.
 - Жақсы, рахмет.
- May I try on these boots?
 - Yes, you may try on.
 - Have you bigger size than this one.
 - Yes, but another color.
 - OK. How much does it cost?
 - 4200 tenge.
 - Thank you.
- Д.
- Айтыңызшы, сабын және су сабын қайда сатылады?
 - Ана бөлімде.
 - Рахмет.
- Will you tell me, where I can buy a soap and a shampoo?
 - In that department.
 - Thank you.
- Е.
- Батарея қай жерде сатылады?
 - “Занғар” дүкенінде немесе базарда.
 - Рахмет.
- Where I can buy a battery?
 - At the store “Zangar” or at the bazaar.
 - Thank you.
- И.
- Көйлек қаншадан?
 - 2000 теңге.
 - Өте қымбат. Арзанырақ беріңізші.
- Жәрайды, 1800 теңге.
 - 1500 теңге?
 - Мақұл.
 - Басқа түсі бар ма?
 - Иә, бар. Сізге қандай өлшем/размер керек?
 - 48.

long ұзын

longer ұзындау

Task 5. Make up sentences. Use the adjective endings -ырак/ -ірек, -рақ/-реқ and лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу to answer the questions.

Үлгі: Бұл қандай көйлек?

Бұл қысқарак/қысқалау көйлек.

Бұл	ескі	жейде
	қысқа	шалбар
	кең	бәтеңке
	тар	күрткі
	ұзын	пәлте
	әдемі	туфли
	аласа	ағаш

The Superlative Degree denotes the greatest degree of the quality among the object being compared. It is formed in two ways:

1. By means of the adverbs **өте** “very”, **аса, ең** “the most”, **тым** “too much”

жақсы **өте** жақсы “very good”

биік **тым** биік “too high”

2. By means of reduplicating of the first syllable or sound and adding **-II** to it.

қара **қаII-** қара “very black”

үлкен **үII** -үлкен “very large”

Colors

Red қызыл

White ақ

Black қара

Yellow сары

Brown қоңыр

Green жасыл

Grey	сұр
Blue	көк
Purple	сия көк

Positive		Comparative		Superlative
		-ырақ/- ірек, - рақ/-рек	-лау/-леу,-дау/-деу, тау/-теу	өте, аса, ең, тым
fast	жылдам	жылдам ырақ	жылдам дау	жылдам
fast	тез	тез ірек	тез деу	тез
slow	жай	жай ырақ	жай лау	жай
soft	жұмсақ	жұмсағ ырақ	жұмсақ тау	жұмсақ
hard	қатты	қатты рақ	қатты лау	қатты
long	ұзын	ұзын ырақ	ұзын дау	ұзын
short	қысқа	қысқа рақ	қысқа лау	қысқа
old	ескі	ескі рек	ескі леу	ескі
new	жаңа	жаңа рақ	жаңа лау	жаңа
near	жақын	жақын ырақ	жақын дау	жақын
far	алыс	алыс ырақ	алыс тау	алыс
tall	биік	биіг ірек	биік теу	биік
low	аласа	аласа рақ	аласа лау	аласа
hot	ыстық	ыстығ ырақ	ыстық тау	ыстық
cold	суық	суығ ырақ	суық тау	суық
sweet	тәтті	тәтті рек	тәтті леу	тәтті
bitter,solty	ашты	ашты рақ	ашты лау	ашты
good	жақсы	жақсы рақ	жақсы лау	жақсы
bad	жаман	жаман ырақ	жаман дау	жаман

Chapter 22 – Safety and Emergencies

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР

No one likes to experience problems or encounter conflicts, especially when they're away from home; but these things tend to happen. This chapter will introduce you to the useful terms and phrases you will need to handle any problem that could occur.

Help!	Көмектесіңіз!
Help me, please!	Маған, көмектесіңізші!

How to express feelings

I'm afraid.	Мен қорқамын
We're afraid.	Біз қорқамыз
They're afraid.	Олар қорқады
I'm scared (frightened).	Мен қорықтым
We (they) are scared.	Біз қорықтық
They are scared.	Олар қорықты

How to ask somebody to walk (accompany) you to home

English	It's already late. Please walk me home.
Kazakh	Кеш болды мені шығарып салыңызшы

English	It's already late. Couldn't you walk me home?
Kazakh	Кеш болды мені шығарып сала аласыз ба?

How to verbally stop unwanted attention in different situation

Go away!	Кет! (informal sing.) Кетіңізші! (formal, and plural)
Stop it!	Токта! (informal sing.) Токтатыңызшы! (formal, and plural)
Leave me (us) alone.	Мені (бізді)мазаламаңыз!
Back off! Don't bother me!	Тиіспе маған! (informal) Тиіспеңіздерші! (formal, and plural)

How to inform about assaults

	кімге? Gen. + V _{past tense}
I've (we've) been attacked.	Маған(бізге) тиісті.
	кімді? Gen. + V _{past tense}
	Мені ит тістеді.
I've been assaulted.	Мені ұрып кетті.
I've been robbed.	Мені тонап кетті.
I've been raped.	Мені зорлап кетті.

Watch out!	Абайлаңыз!
Fire!	Өрт!

Thief!	Ұры!
--------	------

More Language Safety Skills

<ul style="list-style-type: none"> - I need to make a telephone call. - I am busy, I can't talk to you. - My friend will come for me soon. - I want to go home now. - I don't want to go to your house. - I can't go to your house. - I can't stay. - I won't open the door. - Get out of my house. - Go away. - Help! - Leave me alone! - Get away from me! - Don't do that! - Stop it! - Take your hands off me! - Thief! Stop that thief! - I'll call the police. - Don't hurt me! - Here is my money, you can have it! - I don't have money with me! - Let me go! - I am an American. 	<ul style="list-style-type: none"> - Маған телефон соғу керек. - Сөйлесуге уақытым жоқ. - Қазір менің досым келеді. - Үйге кеткім келіп тұр.. - Саған барғым келмейді. - Саған бара алмаймын. - Қала алмаймын. - Есік ашпаймын. - Үйімнен кет! - Кет! - Көмектесіңіздер! - Мазаламашы! - Кет әрі! - Бұлай істеме! - Тоқтат! - Қолыңды тарт! - Ұры! Ұрыны ұстандар! - Милиция шақырамын. - Тиіспе маған! - Ақшамды адыңыз! - Ақшам жоқ! - Жіберіңіз мені! - Мен Американдықпын.
--	---

Language for food/nutrition communication

<ul style="list-style-type: none"> - Cook it well done with no pink in the middle. - Is this pasteurized? - Is this homemade? - Has the water been boiled? - Do you have soap? - Where can I wash my hands? - I don't eat fish/game/birds. - I am a vegetarian. I don't eat meat or fish. - Lean meat. - Low fat. - Little oil. - Little butter. - No mayonnaise, please. 	<ul style="list-style-type: none"> - Жақсылап қуырыңызшы - Қайнатылған ба? - Қолдыкі ме? - Мынау қайнаған су ма? - Сабыныңыз бар ма? - Қолымды қайда жуамын? - Мен балық/тауық жемеймін. - Мен вегетарианмын. Ет жемеймін.! - Майы жоқ ет - Майсыз ет - Сұйық май аз болсын. - Аздап сары май салыңызшы. - Майонез қоспаңызшы.
--	---

Language for sex / relationship terms

<ul style="list-style-type: none"> - Do you want to go out? - Shall we dance? - I care about you; I want to protect both of us. - Let's use a condom. - I don't want you. - I don't want a sexual relationship (sex) - I love you. - I want to marry you. - I am married. 	<ul style="list-style-type: none"> - Қыдырып қайтайық - Билейміз бе? - Сақтануымыз керек. - Презерватив қолданайық. - Мен сені қаламаймын. - Сенімен жатпаймын - Мен сені сүйемін. - Үйленейік. - Мен тұрмыстамын/үйленгенмін
--	--

Appendices

Texts for Practice Reading

Most of these texts were written by non-native speakers of Kazakh at different levels from Beginner to Advanced. Several have glossaries included.

Мұнара және Аққұтан | The Egrets and the Tower

New words

көне	old, ancient	былай	in this manner
әрбір	any, every pro.	еш уақытта	never
тарих	history	ештеңе	nothing, anything
сарай	palace	үндемеу	to say nothing
мұнара	minaret, tower	сыйлық	present, gift
аққұтан	egrets	сол кезде	at that time
ұшу	to fly	ешқайда	anywhere
қайта оралады	to go back, return		

Өзбекстанда Бұхара деген қала бар. Бұхара - Өзбек станның әдемі, көне қаласы. Қалада әрбір көшенің және әрбір үйдің тарихы бар. Әдемі көп сарайлардың ортасында биік. Мұнара тұр. Ол өте көне. Оған 1000 жыл. Көп жылдан бері Мұнараның үстінде аққұтан тұрады. Әрбір күзде ол ыстық жаққа ұшып кетеді де әрбір көктемде қайтадан оралады.

Бір күні Мұнара аққұтанға былай деді:

- Аққұтан, тындашы, сен көп жылдар менде тұрасың. Күзде ұшып кетесің, ал көктемде маған ұшып келесің. Неге маған ешуақытта сыйлық әкелмейсің?
- Саған қандай сыйлық керек? - деп сұрады Аққұтан.
- Маған бәтеңке әкел.

- Жақсы, - деді Аққұтан.

Күз болды. Аққұтан оңтүстікке ұшып кетті. Көктемде ол қайтадан Бұхараға ұшып келді.

Бірнеше күн өтті. Аққұтан сыйлық туралы ештеңе айтпады, Мұнара да үндемеді.

Бір күні Мұнара Аққұтаннан сұрады:

- Аққұтан! Маған әкелем деген сыйлығың қайда?

- А, сыйлық па? Мен саған бәтеңкені әкелдім де мына жерге қойдым. Сол кезде сен жоқ екенсің, біреу бәтеңкені алып кетті.

- Аққұтан, сен деп тұрсың? Менің 1000 жыл ешқайда бармай, бір жерде тұрғанымды сен өте жақсы білесің ғой.

- Сен ешқайда бармасаң, бәтеңке саған неге керек? - деп сұрады Аққұтан.

Шешем және футбол

Менің шешем әртіс. Ол театрда жұмыс істейді. Жазда оның театры Шымкент қаласына барды. Олар күнде жұмыс істеді. Шешем өте шаршады. Әкем оған жақсы демалу керек деді. Ол шешеме демалыс үйіне жолдама сатып алды. Шешем бір ай демалды. Әкем және мен Алматыда тұрдық. Әкем дүкеннен азық-түлік: ет, нан, көкөніс сатып алады. Мен түскі тамақ дайындаймын. Кешке мен үй жұмысын жасаймын, сосын біз телевизор көреміз, шахмат ойнаймыз.

Жексенбіде біз стадионға бардық, футбол көрдік. Әкем футболды жақсы көреді, мен де жақсы көремін, ал шешем жақсы көрмейді. Шешем үйде болғанда, біз стадионға бармаймыз. Біз футболды тек телевизордан көреміз.

Міне, шешем де үйге келді. Біз өте қуаныштымыз. Бірақ, күнде таңертең мен: "Жексенбіде футболға барамыз ба, жоқ па?" - деп ойладым. Шешем футболды жақсы көрмейді, ал жексенбіде біз ылғи бірге демаламыз."

Жексенбі күні таңертең шешем:

- Біз бүгін футболға барамыз, - деді.

- Қалай? Сіз бе, мама? - деп сұрадық.

- Иә, әрине. Сендер футбол көруді жақсы көресіңдер, мен де стадионға барамын, өйткені біз бірге боламыз.

Туған күн

Бүгін менің інімнің туған күні. Біз оның достарын қонаққа шақырдық. Олар көп сыйлықтар және гүл шоқтарын әкелді. Біз оларды қарсы алдық. Шешем түрлі тамақтар дайындап, дастархан жайды. Ыстық тамаққа палау, ет және әр түрлі салаттар пісірді. Шешем шайға өте дәмді торт жасады. Дастархан үстінде інімнің достары оған көп жақсы тілектер айтты. Тамақтан кейін біз балмұздақ жедік, ал әкем пианинода ойнады. Бәріміз қосылып ән айттық. Інімнің туған күні қызықты және көңілді өтті. Ол өте қуанышты болды, бәрімізге үлкен рахмет айтты.

Гүлденетінқала/Блумиңтон, Индиана

Индиана штатындағы ең сұлу қаланың бірі – Блумиңтон. Бұл қала атының мағынасы – Гүлденетінқала. «Блум» деген сөзді қазақшаға аударсақ, «гүлдену» болады. «Тон» деген сөз Америка, Ұлы Британия да қалаларының аттары үшін жиі қолданады, өйткені «қала» деп саналады. Мысалы, Элктон қаласы атының мағынасы: «Элк» - марал түрлерінің бірі, карибу сияқты, сосын бұл жерде «элк» болған, бірақ қазір мұнда қала.

Кеше кешке мен бір қызық кітап оқығандықтан, менің қалам туралы жазғым келді. Ол кітап – «Тыныштық» деп аталады. Оның авторы – Кейт Шопен. Бұл кітап бір жүз жыл бұрын жазылған және сол уақыт туралы көп көрсете алады. Бұл кітап «қарапайым» өмір туралы, бірақ кітаптың кейіпкерлері қарапайым емес. Олар өте бай, мұнда бір қызметші бар, ауыр жұмыс істемейді, басқа жерге демалыс үшін барады. Менің мақсатым сондай: жазылмаған нәрселер жазылған нәрселерге қарағанда көбірек көрсете алады. Сосын, егер мен қалам туралы көп айтсам, толық сиппатсам да, біраз нәрселер айтпағанмын.

Демек, Блумиңтон кішкентай қала, яғни үлкен ауыл деп айтайын. Үлкен университеті бар қала, сондықтан көшпелі қоғам болған. Жазғы уақытта тұрғын халық кем, жоқ дерлік. Индиана Университетіндегі студенттердің саны – ең болмағанда отыз мың. Студенттер кеткеннен кейін, дүкендер өздерінің жазғы кестелерін қолданады. Автобустар жазда жүреді, бірақ жиі емес, сағат сайын бір рет қана. Қаланың көлігі тіпті қызық болмағандықтан, тек қана мысал ретінде беріп отырмын.

Индиана АҚШ-тың солтүстігінде болғандықтан, төрт мезгіл бар. Қысы жұмсақ және қар тіпті көп жаумайды. Жазда жаңбыр көп, апта сайын әдетте бір рет жаууы мүмкін. Бұл климат керемет, ал орман және егістік далалар үшін пайдалы, қолайлы. Тіпті ылғал ауа-райы маусым, шілде, және тамызда болуы мүмкін. Блумиңтонның ең жақсы мезгілі – күз. Осы уақытта ауа өте тамаша болады, ал ағаштардың түстері сансыз болады. Күндіз жылы, түнде салқын болғандықтан, әркім жақсы көңілмен жүреді.

Жылы айлардағы уақытта тағы бір қасиет бар: жап-жасыл түс. Блумингтонда бәрі жасыл секелді. Парктердегі отырғызған ағаштар көп болса да, үлкен орманда табиғи ағаштар тіпті көп. Керемет шөп әрқайда, кішкентай өзендер және гүлзарлар көп, қалада болатын адамдар өздердің уақытын жақсы өткізе алады.

Университетте әдемі жер де гүлзарлар, ағаштар, өзендер бар. Дем алу үшін жер бар, парк ұқсайтын жерлер бар және тыныш, салқын, тегін оқу жайлар бар. Кітапханада тыныш бөлемдерге барсақ, бір-екі көп оқитын студент таба аламыз. Олар терезенің жанында отырып, кітап оқып, анда-санда терезе арқылы қарап – керемет жайда отырады.

Қала тек қана студенттер үшін емес, қарапайым отбасыларға да арналған. Кез-келген Америкадағы кіші ауылға ұқсайды. Екі орта мектебі бар қала, сондықтан бір-біріне қарсы жарыс жиі болады. Жақсы Американдық Футбол ойындарына бару өте жақсы. Дәстүрлі Американдық өмір байқалады. Мектептің спорт формасын киген жігіттер ойынап, жас қыздар уралап, айғайлап, мектептің музыкалық тобын стадионға шығып, шоу бастайды, жұма сайын осылай болады. Отбасылар балаларын бағып, дүкен жеңілдіктерін іздеп тұрады, иелері үйлерін жөндеп жүреді, осылай уақыт өткізеді.

Тауы жоқ қала, бірақ дөңдері, төбелері бар жер. Жалпы, Қазақстандағы қала сияқты емес. Қаланың төңірегінде орман, егістік дала және әктас тапқан карьер бар. Тас қазатын жер көп болғандықтан, Университеттің ғимараттарының барлығы дерлік әктастан жасалған. Сондықтан біздің университетіміз өте атақты. Университеттің ғимараттары ас әдемі және Батыс Еуропадағы көне университетке ұқсайды.

Көбірек айта аламын, бірақ басқа күнге сақтайын.

Сүт Шөлмектері

Менің атам өзінің әкесін білген жоқ. Бүгін, менің атамда өзінің шешесі туралы тек қана бір әңгіме қалыпты. Бірақ оның өзі бала кезінде, өзінің әке-шешесінің жоқ екенін білген жоқ. Ол: «Менің әкем – дүкеннің иесі, менің шешем – тігінші.» - деп ойлайтын. Алайда, ол жиырма жасқа жеткеннен кейін, оның асырап алған әке-шешесі атама қайғылы шындықты түсіндіріп, айтып беріпті:

Ол бір қарапайым кедей, аянышты әйел еді. Дүкендегі сатушылардың бірі оны көріп, әрқашан осы әйелді көргенде, оның жүзінен қатты шаршағандықты, көп ойдан қажығандықты, өмірден адасқандықты, күйзелісті, тығырыққа тірелген бейнені көретін еді. Бұл кезең – Ұлы Дағдарыс кезеңі еді, 1934 жыл болатын. Сатушының бақытты сәттерінің бірі, өйткені оның дүкені әлі жұмыс істеп тұр және оның отбасында тамақ бар.

Кедей әйел бір күні дүкенге келіп, екі сүтсіз шөлмекті алып, сатушының алдына үнсіз қоя салды. Сатушы бос шөлмектерді алып, орнына екі сүт тола шөлмек беріп: «Он тиын берші,» - деп айтты.

Бірақ, әйел жауап берместен, шөлмектерді алып, дүкеннен тез жылдам шығып кетті. Сатушы оның соңынан еріп барғысы келді, ақша талап етейін деп еді, полицияны шақырайын деп еді, бірақ ештеңе істемеді. Әйелдің жоқшылығы оның жүзінен көрінді. Сатушы жұмысы бар болғандықтан, тіпті риза болып, аздап өзін кінәлі сезенді. Ол: «мүмкін мен де сондай жағдайға кезігермін» - деп ойлады. «Мүмкін осы әйел басқа елден келген, тұрағы жоқ, жұмысы жоқ шығар,» - деді.

Келесі күні осы әйел екі бос шөлмекпен қайта келді. Сатушы тағы да бос шөлмектерді алып, сүті бар шөлмектерді қайта берді. Әйел тағы да дүкеннен асыға шығып кетті, сатушы оның соңынан қарап тұра берді. Әйел тіпті қайғылы сияқты көренді, оның жүзінен ауыр қайғының ізін көруге болатын. Сатушы ойланды: «Бұл әйелдің жұмысы жоқ, мүмкін күйеуі тастап кеткен шығар. Егер ол қайта келсе, мен оған қарапайым жұмыс берейін. Солай осы әйелге көмек берейін. Ол байқұс әйел екен.»

Келесі күні таңертен әйел қайта келді, сөз айтпастан сатушыдан сүтті шөлмектерді алып қайта кетті. Сатушы онымен сөйлесуге тырысып еді, оған жұмыс ұсынғысы келіп еді, бірақ әйел сүтімен тіпті асығып жүгіріп шығып кетті. Оның асығыстығы сатушыны одан сайын уайымдаттырды, ол әйелдің соңынан еріп жүре бастады. Мүмкін оған тез көмек беру керек шығар деп ойланды.

Сатушы қатты таң қалды, өйткені осы әйел қаланың шетінде тұратын тұрағы жоқ адамдардың жайғасқан жеріне бармады. Оның орнына ол өзен бойындағы зиратқа барды. Сатушы әйелді көрген кезде, әйел бір молаға қарай асыға жүріп, жердің астына кіріп ғайып болғандай болды. Дүкен иесі бұл оқиғаға сене алмады, көзін қайта-қайта ысқылап, бірнеше рет қарады. Сонан кейін, ол бір алыстан айғайлағандай дыбыс естіді. Бұл дыбыс кішкентай бөпенің іңгәләған дыбысы сияқты болды. Енді ол дыбыс үңгірден шыққандай болды. Осы үңгір әйел ғайып болған үңгір еді және сол жерден тағы да дыбыс естілді.

Сатушы дүкенге қайта жүгіріп келіп, телефон арқылы полиция шақырды. Бір сағаттан кейін, зиратта адамдар көп болды, жұмысшылар жерді қазып іздей бастады. Енді олар бір өлген әйелді тапты. Сатушы тағы да таң қалды, өйткені бұл әйел сүт алған әйел еді! Өлген әйелдің қолында – бөпе және екі сүті бар шөлмек болды. Ал бөпе – тірі екен.

Міне, осы бөпе – менің атам екен. Осы сияқты ғажайып дүниелер өмірде кездесе береді екен.

Өжеттілік және Үрей – Bravery and Fear

Студенттердің тобы жылдың бірінші емтиханынан кейін әдетте жиналады екен. Бір жігіт қаланың шетіне жақын жерде тұрады екен. Ол топтастарының бәрін үйіне кішкентай кешке шақырыпты. Оның әке-шешесі демалыс күндері үйінде болмапты, ал студенттер үлкен адамның жоқтығын пайдаланып уақыттарын жақсы өткізіпті. Қыздар

қазан айының суық желдеріне қарсы жаңа ұзақ белдемшелерін киіп, жігіттердің бәрі ең жақсы ұзын жеңді жейделерін, қаралау шалбарларын киіпті.

Тамақ ішілгеннен кейін, студенттер кішкентай топтарға бөлініп тарапты. Қыздар шеңберлей бірге отырып, бір-біріне сыбырлап және жігіттер сыртта, жазғы жоспарлары туралы сөйлесіп, әскер немесе университетке түсу туралы талқылап, сонымен қатар ішкі жақта отырған қыздар туралы әңгемелесіпті. Бір терезенің жанында отырған қыз әңгімені естігенде, ол жігіттердің барлығынан гөрі өзін өжеттірек екенмін деп ойлап, қыздарға дауыстап былай деді: «Олар шошыған балалардың тобы сияқты екен!» депті ол. Жігіттер қызарып кетіпті және бірнешеуі ашулана бастапты, ал содан кейін бәрі үйге кіріп, айыптаушыны іздепті.

Айыптушы – Әйгерім екен. Ол өжет қыз еді, ал жігіттердің барлығы дерлік Әйгерім асырып айтпайтынын білетін еді. Егер Әйгерім әлденәрседен қорықса, ол қандай нәрсе екенін ешкім білме алмапты. Барлығының есінде: бір күні Нұрбек бір жыланды сабаққа апарғанда, қыздардың барлығы айқайлап алысқа қашқанда, жігіттер күлген кезде, тек қана Әйгерім Нұрбекке жақындап: «Сабақ қайта басталу үшін, досыңды сыртқа жібер, кетсін» - депті. Дұрысын айтсақ, Әйгерім ерекше қыз. Жігіттердің кейбірі оны сынағысы келмепті.

Алайда, үй Ержандікі еді. Ол – қожайын және өзінің достарын қорғауы керек еді. Барлығы Ержанға қарап, не істейтінін күтіп отырыпты. Ол жауап берер немесе бермес өзі білер? Ержан әдетте көргенді, тыныш және ақылды жігіт, бірақ кейбірулері оған мән бермеген сияқты. Қалай дегенмен де, ол әдеттегідей Әйгерімге келіп, айтыпты: «Сен – өжет қызсың. Бәрі біледі және менде бір ой бар.»

«Айта бер, Ержан мырза» - депті Әйгерім. Кейбір қыздар күліпті.

«Өжеттілігіңді қалай көрсете аласың? Сен көрсеткеннен соң, біз нақты білмекпіз. Ал, басқа өжеттілігің туралы айтудың қажеті жоқ. Бола ма?» - депті Ержан.

Қыздардың барлығы алқынып, тұншығып, бір-біріне қарап, күле бастапты. Бірақ жігіттер тек Ержанға ғана қарапты және соны айтқанына таң қалыпты.

«Жарайды» - депті Әйгерім. «Жоспарың не? Мен дәретхана ішінде болғанда, сен мені шошытасың ба? Кенеттен шошыту – үрей емес қой! Мен сенен қорқпаймын.»

Ержан бір минут үнсіз қалып, сонан соң ол жымыып, оның көзінде бір қулық сезілгендей болыпты. Бәрі бір нәрсені көре алыпты – онда жоспар бар екен. Ол, ең болмағанда, Әйгерімді жеңе алады деп ойлапты.

Ержан айтыпты: «Бәрі қараңғылықтан қорқады, түн ең қорқынышты уақыт. Біздің қиялымыз бізді ақымақтыққа апарарды. Ештеңе болмаса да, біз қорықа аламыз. Және

кейбір адамдар «түн ортасы» туралы әңгіме айтады, ол ең жауыз уақыт, әруақтар мен елестер келіп, жындар мен зомбилар болуы мүмкін депті. Сенбеймін, бірақ олар солай айтады. Енді, қазір он бір жарым екен. Зиратқа бар, Әйгерім! Мазарлар, қорымдар арасында жүріп және сол жерде тұр. Содан кейін қайта кел, егер сен әлі тірі болсаң! Ал? Не айтасың? Әрине, жалғыз баруың керек. Моланың бірін таңда, онда бір сағат тұр. Егер шаршап кетсең, өзің біл, қолайлы болу үшін отыр немесе жат! Қаласаң, ұйқтай бер. Жоспарым қалай? Қарсысың ба?»

Үнсіздік. Ешкім осылай болар деп күтпеді. Бірақ Әйгерім күліп тұра берді!

Әйгерім айтыпты: «Сол? Мені күлдірме! Бұл – өжеттілігімнің дәлелдемесі болса, қандай оңай! Қазір кеттім. Маған бәрі бір, түн ортасын күтпеймін.»

Ержан тез қалтасынан пышақ алыпты. Кішкентай пышақты ашып, Айгерімге ұсыныпты. «Бұл сенімен болсын.»

«Иә? Ха! Бұл қорғану үшін бе?» - деп күліпті Әйгерім.

Ержан айтыпты: «Сенде сондай күшті қуат бар екеніне мен күмәнданамын! Бірақ пышақ бізге нақты жағдайды көрсете алады. Молаға апарып қой. Таңертең біз барамыз. Егер шын айтсаң, біз моладан пышақты тауып аламыз, солай ма? Сәттілік тілеймін!»

Айгерім пышақты алып, есікке қарай жүре бастапты. Басқа студенттер, қыздар және жігіттер, оған жол берепті. Әйгерім бұл дүниеде ол үшін ең оңай нәрсе осы екенін көрсетіпті, бірақ ешкім оның орнына қандай ақша берсе де, бармайтынын сездеріпті. Бұл туралы деректер, әңгімелер көп естіген. Кемпірлер зират туралы, аруақтар туралы әңгімелер айтатын. Ескі мақал бар – «Әруаққа сенбесе де, әруақтан қорқады.»

Ал Әйгерім үйден шығып, зиратқа қарай, кетіп бара жатыпты. Зират қаланың шетінде екен, бұлар оқитын колледжден әрірек. Жолда ешқандай жарық жоқ.

Студенттер біраз тыныштықтан соң, әлдекім радио қойып, олар Әйгерім туралы тез ұмытып кетіпті.

Әйгерім жалғыздықты сезіне бастапты. Ешқандай көшеде қозғалыс жоқ, тіпті тып-тыныш екен. Үрген иттер де жоқ. Үйлерден шыққан дыбыстары да жоқ. Ержанның үйі жағынан музыка дыбысы шыға бастағандай болыпты. Ол мың километрден келген дыбыс сияқты. Аспан тіпті қара түнек жамылып тұрғандай, жұлдыздар да көрінбейді екен. Ағаштардың арасынан айдың сәулесі тым алыстан әлсін-әлсін көрініп қоятын сияқты. Әйгерім зиратқа қарай кетіп барады. Ол тоңа бастапты. Қолында пышағы. Зиратқа жақындап келіп қалыпты. Енді қараса, ол зираттың қақпасының алдында тұр екен. Қақпасының есігі жабық екен, бірақ ешқашан қолыптанбайды екен. Әйгерім зираттың есігін итеріп көріп еді, есік тербетіліп ашылып кетті.

Зиратқа кіргенде, тым қараңғы еді. Ол кішкентай дөңдерді көріп, жақында жасалған молалар екен деп ойланыпты. Кемпірдің әңгімесі есіне түсіпті. «Түнде зиратқа барма, моланың үстінде тұрма, ұйқтаған адам аяғыңнан ұстап алады» деп айтқаны. Кемпір мені қорқытқысы келді деп ойланыпты. Әйгерім бұл ақымақ нәрсе деп біліпті. Өлген адамдар – өлі екен. Ешқашан олар жылжымайды, тұрмайды және құрғақ отын сияқты деп ойланыпты.

